

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 тамыздағы № 909 және 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 513 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 10 наурыздағы № 191 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 тамыздағы № 623 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.08.2015 № 623 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Байланыс саласындағы заңнаманы жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) «Қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторын белгілеу жөніндегі біліктілік талаптары мен өлшемдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 тамыздағы № 909 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 31, 429-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторын белгілеу жөніндегі біліктілік талаптары мен өлшемдерінде:

бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші және алтыншы абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

«Байланыс туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желісінде (бұдан әрі - ҚР ОПТЖ) қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс қызметтерін көрсету жөніндегі қызметті қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторлары (бұдан әрі - ҚХБО) жүзеге асырады.

ҚХБО қызметі уәкілетті орган берген байланыс саласында қызметтер көрсетуге арналған тиісті лицензиялармен анықталады.

ҚХБО-ны айқындау жөніндегі біліктілік талаптары мен өлшемдер:»;

1, 2, 3, 4, 7 және 8-тармақтарда «қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторлары», «қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторы», «қалааралық және халықаралық байланыс операторының», « қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторларын», «қалааралық және халықаралық байланыс операторын», «қалааралық және халықаралық

байланыс операторларының» деген сөздер «ҚХБО» деген аббревиатурамен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

4 - т а р м а қ т а :

2) тармақшадағы «не осы желінің негізгі элементтерін құру қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторы мәртебесін берген сәтте бекітілген және іске асырылған оператордың телекоммуникация желілерін салу және (немесе) жаңғырту жоспарларына кіреді» деген сөздер алынып тасталсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) жалпы республикалық магистральдық, халықаралық байланыс жолдары мен желілерін, оның ішінде көліктік желілерді және шет елдердің байланыс операторларының телекоммуникация желілерімен көліктік желілердің тоғысу нүктелерін жобалау, салу байланыс саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша жүзеге асырылады. ҚХБОТЖ құрамындағы көліктік телекоммуникация желілері өзінің байланыс жолдары базасында жер бетіндегі және жер серіктік тарату жолдары бойынша ұйымдастырылады;»;

5 және 6-тармақтар алынып тасталсын;

7-тармақ мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«3) шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың магистральдық байланыс жолдарын басқаруына және пайдалануына тыйым салу бөлігінде ұлттық қауіпсіздік саласындағы заңнама талаптарының орындалуын қамтамасыз е т у . » ;

көрсетілген қаулымен бекітілген қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторын белгілеу бойынша біліктілік талаптары мен өлшемдеріне қ о с ы м ш а д а :

бүкіл мәтін бойынша «, ҚаБОТЖ, ХаБОТЖ», «, ҚаБОТЖ және ХаБОТЖ», «, ҚаБОТЖ-дың және ХаБОТЖ-дың,» және «ҚаБОТЖ және ХаБОТЖ-да», « ҚаБОТЖ-ды және ХаБОТЖ-ды» деген сөздер алынып тасталсын;

9 - т а р м а қ т а :

«қалааралық және халықаралық байланыс операторының, сондай-ақ ҚР ОПТЖ халықаралық байланыс операторының» деген сөздер «ҚХБО» деген аббревиатурамен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

«ХКО басқа» деген сөздерден кейінгі «операторлардың» деген сөз «ҚХБО» деген а б б р е в и а т у р а м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.12.2012 N 1620 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа е н г і з і л е д і) .

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.12.2012 N 1620 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа е н г і з і л е д і) .

2. Осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК